

«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының №1 хаттамасы

Өткізілу мерзімі: 18 қыркүйек, 2025жыл, сағат 14.00.

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын бекіту.
2. «Мектепке жол!» акциясын ұйымдастыру және өткізу.

1.Тыңдалды: 2025-2026 оқу жылына арналған жаңа құрамын бекіту.

Сөйлегендер: Мектеп директорының міндеті атқарушы Қожахмет А.Қ. Ол өз сөзінде Қамқоршылық кеңесті төмендегі құрамда бекітуді ұсынды:

1. Бурсакова Любовь Султановна - Қамқоршылық кеңес төрайымы
2. Дорошенко Наталья Анатольевна - кеңес мүшесі
3. Жумабаева Индира Торехановна - кеңес мүшесі
4. Сивокобыльский Сергей Васильевич - кеңес мүшесі
5. Нурбаева Шакен Умирзаковна - кеңес мүшесі
6. Болатұлы Ғани - кеңес мүшесі
7. Сарсенбаев Берікбай Қамзеұлы- кеңес мүшесі
8. Бурашев Дамир Кашкимбаевич- кеңес мүшесі
9. Шнейдер Жан Константинович - кеңес мүшесі

Шешім: Мектептің Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы жаңа құрамы бекітілсін.


2.Тыңдалды: «Мектепке жол!» акциясын ұйымдастыру және өткізу.

Сөйлегендер: Мектептің әлеуметтік педагогы Жүсіп С.С. Астана қаласы Білім басқармасының 11.07.2024жылғы №1460 бұйрығын негізге ала отырып, жаңа 2025- 2026 оқу жылына дайындық кезеңінде «аз қамтылған, көп балалы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға» қолдау жасау «Жалпыға міндетті оқу» қорын тиімді ұйымдастыру және «Мектепке жол» Республикалық акциясы жоспарлы жалғастырылуда. Мектеп бойынша жалпы оқыту қорынан көмек берілетін оқушылар тізімі жинақталуда. «Мектепке жол» акциясы 31 қазанға дейін жалғасын табады.

Шешім:

1. «Мектепке жол!» акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстар назарға алынсын.

Төрайым:



Л.Бурсакова

Хатшы:



Б.Туребекова

«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы

Мерзімі: 25 желтоқсан, 2025жыл, сағат 14.00.

Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, мүгедек балаларға демеушілік көмек ұйымдастыру, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.
2. Мектеп директорының мектептің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі.
3. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы.

1.Тыңдалды: Аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, мүгедек балаларға демеушілік көмек ұйымдастыру, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

Сөйлегендер: Мектеп әлеуметтік педагогы Жүсіп С.С. Отбасындағы сенімді қарым-қатынас балаға өзін қауіпсіз сезінуге мүмкіндік беріп, оның эмоциялық және тұлғалық дамуын қолдайды. Мұндай ортада өскен бала әлеуметтік дағдыларын жақсы меңгеріп, оқу мен жаңа нәрсені үйренуге жоғары мотивация көрсетеді. Мектебімізде I жарты жылдық қорытындысы бойынша кәмелеттік жасқа толмаған 153 оқушы білім алады. Оның ішінде: толық отбасында-92 бала, толық емес отбасында -61 бала, көп балалы отбасында-27бала, аз қамтылған отбасында – 17 бала, АӘК алатын отбасында – 2, жетім және қамқорлықта – 2 бала. Отбасылық жағдайы әртүрлі балаларға қолдау көрсету үшін мектеп тарапынан психологиялық, тәрбиелік және материалдық көмек бағытындағы жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылды.

Шешім: Отбасылық жағдайы әртүрлі балаларға арналған жеке қолдау картасын (психологиялық, оқу, әлеуметтік қажеттіліктерін анықтайтын жоспар) әзірлеп, сол жоспар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсін.

2.Тыңдалды: Мектеп директорының мектептің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі.

Сөйлегендер: Мектеп директоры Қожахмет А.Қ. Ол жиналысқа қатысушы Қамқоршылық кеңес мүшелерін 2025-2026 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды туралы есеппен таныстырды.



Шешім: Мектептің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебі назарға алынсын.

3.Тыңдалды: Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы.

Сөйлегендер: Директордың тәрбие жұмысы жөн.орынбасары Туребекова Б.Т. Кешкі мектептің ерекшелігі – оқушылар контингентінің күрделілігі. Оқушылар түрлі жас санатынан, білім деңгейінен, әлеуметтік және отбасылық жағдайдан, жұмысбастылық дәрежесінен тұрады. 2025–2026 оқу жылында мектепте 23 сынып-комплект жасақталған: 8 сынып – күндізгі бөлім, 15 сынып – кешкі бөлім. Оқу жылының басында оқушылар саны 237 болса, II тоқсанда 254 оқушыға артқан. Оның ішінде: 97 оқушы – күндізгі бөлімде, 157 оқушы – кешкі бөлімде, Мектеп бойынша кәмелеттік жасқа толмаған 153 оқушы бар. Құқық бұзушылық бойынша қалалық есепте – 5 оқушы, мектепшілік есепте – 9 оқушы, жалпы есепте – 14 оқушы. Есепте тұрған оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрылып, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп инспекторы және т.б. бірлесіп жұмыс атқарады.

Шешім:

1. Есепте тұрған оқушылармен профилактикалық жұмысты күшейтіп, барлық мамандардың бірлескен жұмысын жүйелеу ұсынылсын.
2. Кешкі мектеп оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру шаралары қабылдансын.

Кеңес төрайымы:  Л.Бурсакова
Хатшы:  Б.Туребекова

**«№39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы**

Өткізілу мерзімі: 13 наурыз, 2026жыл, сағат 15.00.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие үрдісінің жүргізілуіне талдау.

2. Мектеп жанындағы аумақты абаттандыру және тәртіпке келтіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға көмек көрсету.

1. Тыңдалды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие үрдісінің жүргізілуіне талдау.

Сөйлегендер: Мектеп директоры Қожахмет А.Қ. сөзінде мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оқушылардың бойында адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттары, түсіндіру жұмыстары және түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Бұл жұмыстар оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар Астана қаласы Білім басқармасының 27.02.2026ж. « Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы» №457 бұйрығымен ұжым мүшелері таныстырылғанын атап өтті.

Шешім:

1. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүйелі түрде жалғастырылсын.

2. Мектеп әкімшілігі тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға тұрақты бақылау жүргізілсін.

1. Тыңдалды: Мектеп жанындағы аумақты абаттандыру және тәртіпке келтіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға көмек көрсету.

Сөйлегендер: Директордың шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары Шакеева Қ.А. өз сөзінде мектеп жанындағы аумақты абаттандыру және тәртіпке келтіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті. Мектеп аумағын таза әрі көрікті ұстау үшін көгалдандыру, тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет екенін айтты. Сонымен қатар, бұл жұмыстарды ұйымдастыруда Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қолдауы маңызды екенін жеткізді

Шешім:

1. Мектеп жанындағы аумақты қардан тазалау, абаттандыру және тәртіпке келтіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

2. Мектеп ұжымы мен ата-аналар қауымдастығының мектеп аумағын таза ұстау және көркейту жұмыстарына белсенді қатысуы ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:  Л.Бурсакова

Хатшы:  Б.Турбекова